

Казахстанско Российский Медицинский



СӨЖ

Такрыба: Негізгі стоматологиялық аурулардың біріншілік алдын алу әдістері.

Орындаған: Рашхан Н.Е.

Тобы: 304 А


Факультет: стоматология

Жоспары:

1. Кіріспе
2. Ауыз қуысы гигиенасын сақтаудың мәні. Профилактика туралы түсінік
3. Қорытынды
- 4.

Кіріспе

**Стоматологы жоғары
мамандандырылған білімі бар
маман. Төтенше жағдайлар кезінде
жедел көмек көрсетуге және тіс–
жақсүйек жүйесі аурулары бар
балаларға емдік – диагностикалық
көмек көрсетуге құқылы.**

The background of the slide is a photograph of an iceberg in the ocean. The visible tip of the iceberg is on the left side, while the much larger, submerged part of the iceberg is visible below the water line, illustrating the concept of hidden or underlying issues. The text is overlaid on the right side of the image.


Стоматологиялық аурулар жасөспірімдер арасында жиі таралудың алдын- алуда профилактикалық шаралар жетекші орынға ие. Стоматологиялық аурулардың алдын-алудың нәтижесінде ауыз қуысы тіндерінің қабыну дерттерін болдырмауға және стоматологиялық аурулардың таралу жиілігін төмендетуге мүмкіндік береді. Мұндай қадам стоматологиялық қызметтің барлық саласында да түпкілікті өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Профилактикалық шараларды жүргізу стоматологиялық ауруларды емдеу сапасымен бірге қоғам өмірінің деңгейін сипаттауға болады.



Ауыз қуысы гигиенасын сақтаудың мәні


Профилактика – бұл денсаулықтың жоғары деңгейде ұстауды қамтамасыз етуге және стоматологиялық аурулардың алдын – алуға арналған мемлекеттік, әлеуметтік, гигиеналық шаралар жүйесі.


Қазіргі кезде адамдардын денсаулығына және де профилактикалық шараларды сақтамауына әртүрлі факторлар әсер етеді: әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, урбанизациялық, ақпараттық басымдылықтар арасында стоматологиялық аурулардың жиілеуіне себепші болады.

An iceberg floating in a blue ocean under a clear sky. The visible tip of the iceberg is relatively small and flat, while the much larger, submerged part is jagged and complex, illustrating the concept of hidden or underlying issues. The text is overlaid on the image, with the main paragraph above the water line and a list of points below it.

Бұл халықтың соның ішінде балалар денсаулығын сақтауға арналған шаралар комплексі болып табылады. 1977ж эксперттердің Мәскеудегі мәжілісінде қабылданған ДДҰ – ның жіктемесіне сәйкес профилактиканы үлкен үш топқа бөлді:

- ❖ Біріншілік
- ❖ Екіншілік
- ❖ Үшіншілік

- 
- A large iceberg floats in a deep blue ocean. The visible tip of the iceberg is small and white, while the vast, submerged part is dark blue and textured, illustrating the concept of hidden or underlying issues. The background shows a clear blue sky and distant ice formations on the horizon.
- Бірінші реттік профилактика – бұл стоматологиялық кеселдердің пайда болуынан сақтандыруға бағытталған мемлекеттік, әлеуметтік және медициналық шаралар кешені. Ол төмендегілердің нәтижесінде ауыз қуысын сауықтыруды көздейді:
 - 1) тұрғындарды ауыз қуысы гигиенасы бойынша санитарлық ағарту;
 - 2) тағамдану жағдайы мен рационын жақсартуға бағытталған тағамдану бағдарламаларын құрастыру;
 - 3) дерттің алдын алып, сақтану үшін ауыз қуысын дәрігерде кезең сайын тексертіп тұру.
 - Бұл деңгейде стоматологиялық қызметкердің негізгі рөлі санитарлық ағарту, медицина қызметкерлері мен тұрғындарды алдын алу тәсілдеріне үйрету болып табылады.

An iceberg floating in the ocean. The tip of the iceberg is visible above the water surface, while the much larger part of the iceberg is submerged below the surface. This visual metaphor represents the concept of visible vs. invisible aspects of a problem or disease.

Бұл мемлекеттік, медициналық, әлеуметтік, гигиеналық және тәрбиелік іс-шаралардың, стоматологиялық аурулардың алдын алуға, себептерін, пайда болу, шарттарын жоюға бағытталған.

1-ші реттік профилактика әдістерін 2-ге бөлеміз:

1Негізгі: Толық рационалды балансталған тамақтану


Рационалды жалпы ережені сақтау

Ауыз қуысының рационалды гигиенасы

Медико-педогогикалық сеніммен САЖ әдісі

2Қосымша: Жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұратын парадонт және тіс тіндерінің төзімділігін жоғарылату. Эмальдың минералдану кезінде реминералдаушы дәріні қолдану . Көрсетілуіне байланысты емдік профилактикалық дәрілерді қолдану .



A large iceberg floats in a deep blue ocean under a clear sky. The iceberg's surface is white and textured, with some smaller ice formations visible in the distance.

1-ші және 2-ші реттік жарақаттық окклюзияларды жою

Коррекциялық жаттығулар

Екіншілік профилактика

Бұл - ертеректе табылған ауруды емдеу, оның өршуін және асқынуын алдын алу болып табылады.

Екіншілік профилактиканың әдістері – санация және диспансеризация.

Ауыз қуысының санациясы - ауыз қуысындағы мүшелерді және тістерді жүйелі емдеу, оларды сақтауға және асқынуын болдырмауға бағытталған іс-шара.

Екіншілік профилактикаға диспансеризация жатады

Диспансерлеу - бұл тұрғын халықтың жұмысқа қабілеттілігін жоғарлату, денсаулықты сақтау және нығайту мақсатында қажетті сауықтыру, әлеуметтік гигиеналық және емдік профилактикалық шараларды қамтитын тұрғындарға медико - санитарлық қызмет көрсететін әдіс.



Үшіншілік профилактика

Бұл ауыз қуысындағы мүшелердің қайта қалпына келуіне және олардың функционалдық қабілеттіліктерін сақтауға бағытталған

Бұл тәсілдерді енгізу жеке дара, топтық және популяциялық деңгейде жүргізілуі мүмкін.

Жек дара - ұйымдастырудың жоғары деңгейін қажет ететін, бала мен дәрігер тығыз жұмыс атқарады, арнайы заттарды қажет ететін әдіс.

Топтық – дәрігермен және оның қатысуымен балаларда алдын алу шаралары.

Популяциялық - белгілі бір аймақтың бүкіл балаларына қажет жабдықтар мен әдістерді қолдану.

Стоматологиялық аурулардың эпидемиологиясы, ол стоматологиялық аурулардың интенсивтілігі мен таралуын зерттейтін стоматологияның бір бөлімі. Ол тұрғындар денсаулығын, аурудың даму ерекшеліктері мен таралуын, оларға қоршаған орта мен адамдардың өмір сүру дағдысының ықпалын зертейді.

Эпидемиология – эпи-үсті, демос- халық, логос- ғылым.



Эпидемиологиялық зерттеу арқылы 2 негізгі көрсеткішті анықтаймыз:

1. Стоматологиялық аурулардың таралуын
2. Стоматологиялық аурулармен зақымдалудың интенсивтілігін

Эпидемиологиялық зерттеулердің міндеттері анықтайды:

1. Стоматологиялық аурулардың таралуы мен интенсивтілігін
2. Стоматологиялық ауруларды емдеу қажеттілігін
3. Ауыз қуысын сауықтандырудың сапасын
4. Әртүрлі аймақтардағы аурулардың жағдайын салыстыру
5. Емдік профилактиканы жүргізу үшін жұмсалатын күш пен қажет құралдарды есептеу
6. Кейінгі профилактикалық жұмыстардың тиімділігін анықтау үшін, стоматологиялық аурулардың алғашқы мәліметтерін есептеу
7. Стоматологиялық кадрларды дайындаудағы қажеттілікті анықтау
8. Ауыз қуысы профилактикасы мен гигиенасын сақтау үшін құрал жабдықтарды шығаратын өнеркәсіптердің міндеттерін анықтау.

Стоматологиялық аурулардың эпидемиологиясы арнайы әдістер арқылы 3 кезеңде жүргізіледі:

1. Дайындық кезеңі оның міндеттері:

БДҰ ұсынысы бойынша 5 негізгі жастық топқа бөлінеді:

- 6 жастағы балалар
- 12 жас
- 15 жастағы жасөспірімдер
- 35 пен 44 жас аралығы
- 65 одан жоғары

Зерттеу нәтижесі:

- 6 жастағы балаларда сүт тістер жағдайын жорамалдау
- 12 жастағы баларада тұрақты тістер(соңына дейін жетілмеген)
- 15 жас-да пародонт тіндерін
- 35 – 44 жастағы тұрығындардың зерттей отырып ересектердің денсаулық жағдайын анықтау
- 65 жастағы адамдарға зерттеу жүргізу, қарттарға стоматологиялық көмекті жоспарлауға мүмкіндік береді.

2. Екінші Кезең

Мамандар мен зертеушілерді таңдау таңдаудың мәні: Эпидемиологиялық зертеулерге қатысатын барлық стоматологтар, әр жастық топтан 20 пациенттен қарап шығады. Кейін нәтижелердің сәйкес келу пайызы есептеледі. Барлық диагностикалық критерилер бойынша, бұл пайыз кемдегенде 85 пайыз болу керек.

3. Эпидемиологиялық зерттеуді жүргізу үшін болу керек:

1. Әр аймақтың жағдайы туралы мәлімет
2. Сол аймақта аурудың таралуы (бұл мәліметтерді жүргізілген зерттеулерден алуға болады)

Қорытынды

Ауыз қуысы гигиенасын дұрыс сақтау- пародонт аурулары кезінде, алдын алу кезінде, емнің нәтижесіне тікелей байланысты. Сондықтан ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол іздейік. Біздің кез-келгеніміз балаларға ауыз қуысының гигиенасын үйретуіміз және оларды бақылыуымызда ұстауымыз қажет.

